

Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Үй жануарлар: Ешкі

Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:

- ешкі туралы білетінді еске түсіреді;
- үш тілде қайталайды әріп санын, буынын біледі;
- қоймен ешкіні салыстырады ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратады;
- бұған дейінгі өткен үй малдарын қайсысына ұқсас, неліктен екенін тұжырымдайды;
- ешкі суреті қандай дене қимылын білдіріп тұрғандығын ассоциация жасайды;
- неше түс неше қарындаш неге? Жеткілікті ме? Ешкіге ат қой.

Пәнаралық байланыс:

танымдық (*жаратылыстану, математика*)
шығармашылық (*бейнелеу*)
коммуникациялық (*сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер*)
әлеумет (*қоршаған ортамен таныстыру*)


Білім алушы игеретін білік-дағды:

- ешкі туралы білімдерін еске түсіреді;
- үш тілде қайталайды, әріп, буын санын біледі;
- қой мен ешкіні үлкен-кіші, ауыр-жеңіл, сыртқы пішінінде қандай ерекшелігі барын нақтылайды;
- бұған дейінгі танысқан үй малдарының қайсысына ұқсастығын ажыратады;
- ешкі қимылын нені білдіретіндігі туралы ой қорытады;
- қарындаш пен ешкі боялған түс санын салыстырып, жеткілікті болады ма деген ой тұжырым жасайды. Тапсырманы орындайды.

ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ¹:

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)
2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)
3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)



¹ Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

Топқа сұрақ:

Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суреттермен жұмыс)





Ешкілердің қойдан ерекшелігі қандай назар аудар.
(коммуникациялық дағды қалыптасады)

ҮЙ ЖАНУАРЛАР – ЕШКІ
(кітапшамен жұмыс)

1. Полилингвалдық компонент: үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру).

2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған үй жануары атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз (танымдық дағды).

3. Қой мен ешкіні салыстыр қандай ерекшелігі бар:





Қой

Ешкі

басы, құлағы, көзі, мүйізі, аяғы, денесі, құйрығы


Үй малдарының қайсысына ұқсас, сызықшамен көрсет. Неліктен екенін ойла.

4. Ешкі суреті қандай дене қимылын білдіріп түр өзің жасап көр.



Ө з д і к ж ұ м ы с

5. Қарындаш саны мен ешкі боялған түсін сызықшамен қос, жеткілікті ме? Тапсырманы орында қой түспен бастайтындығын еске түсір.



6. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)



Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.